

## **ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫН ОДАН ӘРІ НЫҒАЙТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 7 ақпан 1994 ж. N 142

"Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің мәртебесі жөніндегі" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 9 қаңтардағы N 1059 К931059\_ қаулысын орындау және республика жоғары білім беру жүйесінде университет ролін арттыру, оқу процесін ұйымдастыруды және ғылыми-зерттеу жұмысын жетілдіру, университеттің ғылыми және оқу-тәжірибе базасын нығайту, ҚазМУ-дің студент жастары мен профессор-оқытушылар құрамының тұрмыстық-тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі және Экономика министрлігімен келісілген 1996-2005 жылдар аралығында 600 мың текше метр көлемді екінші кезектегі оқу өндірістік ғимараттар кешені, бір мезгілде 240 адам қабылдайтын емхана, жеке тамақтандыру бөлімі бар 100 орындық емдеу-сауықтыру орны, 3 мың орындық студенттер жатақханасының құрылысын жүзеге асыру туралы ұсыныстары қабылдансын.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қаржы министрлігімен бірге 1994-1995 жылдары жобалау-сметалық құжаттар жасауға қажет қаржы қарастырсын.

Әл-Фараби атындағы ҚазМУ - 1994 жылдың соңына дейін университеттің екінші кезектегі құрылысына қажет техникалық-экономикалық негіздеме жасауды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі 1994-1995 жылдары республика экономикасының жаңару қорынан мыналарға қаржы бөлуді көздесін:

Ыстық көл жағасындағы университеттің спорт-сауықтыру лагерінің ғимараты мен құрылысын 1994 жылы бітіруге, Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі спорт базасын ұлғайтуға және лагерьді спорт жабдықтарымен қамтамасыз етуге қолғабыс тигізсін;

1994 жылы тіс емдеу емханасы бар 64 пәтерлі тұрғын үй құрылысын аяқтауға; үлестік қатынаспен университет технопаркін салуға; шығыстану факультетінің оқу-тәжірибе ғимаратын 200 орындық қонақ үй тұрпатты жатақхана кешенімен бастап салуға.

3. <\*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.01.11.

№ 53 қаулысымен. Р960053\_

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ күшін жойған - ҚРҰ-нің 1997.04.02. № 465

қаулысымен. Р970465\_

4. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі ҚазМУ-дің және полиграфиялық базасы бар "Университет" баспасын құру ісіне қолғабыс етсін. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігі осы мақсат үшін 1994-1996 жылдары Республика бюджетінен қосымша қаржы бөлуді қарастырсын.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі және Қаржы министрлігі халықаралық мамандықтар бойынша шетелдерде студенттерді оқыту және біліктілік арттыру, халықаралық байланыстарды дамыту, шет елден баспа жабдықтары мен оқу-ғылыми құралдарын алу үшін - жыл сайын оған қажет еркін айналым валюта қаражатын бөлуді қарастырсын.

6. Алматы қаласының әкімі:

құрылыстан бос жерден 500 пәтерлік көпқабатты тұрғын үйлер құрылысына жер бөлуді рәсімдесін;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі және Қаржы министрлігі 1994-2000 жылдары көп пәтерлі тұрғын үйлер құрылысы мен жоспарлық-сметалық құжаттар әзірлеуге қажет қаржы қарастырсын;

белгіленген тәртіп бойынша қалалық қызмет орындары өзекті

және ішкі алаңдық инженерлік желілерді өз жүйесінде қабылдауды жүзеге асырсын.

7. Алматы облысының әкімі;

Қапшағай көлі маңынан құрылыс салынатын демалыс аймағына қажет жер бөлу мәселесін қарастырсын;

қалалық әкімшілікпен бірлесе отырып профессор-оқытушылар үшін жеке тұрғын үй және саяжай салатын жер бөлу жайлы мәселені қарасын.

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 1993 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-ге үлестік қатысумен жастардың тұрғын үй кешенін салуға қажет қаржы қарастырсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК